

# Панфиловшы профессор В. И. Грязиннің 105 жылдығына арнау

Ұстазым, Ұлағатты—Кемеңгерім,  
Білімді, тұңғыықтай терең едің.  
Оты маздап тұрғанда өміріңнің,  
105 –ке биылғы жыл келер ме едің.

Шәкірттерден ешнәрсе аямадың,  
Жетектеп өз ұлыңдай аяладың.  
Қолтығыңнан демейтін кез келгенде,  
Болды олар қамқоршы жан – Саябағың.

Соғыс болып Ел қорғауға аттандың,  
Зеңбіректің гүрсілімен атып жатты әр таңың.  
Панфиловтың дивизиясында – майданда,  
Өтіп жатты жігіттік кез – жас шағың.

Құрметтер Елі әркез нағыз ерді,  
Ел үшін аққан қан мен маңдай терді.  
Ерлігің қан майданда бағаланып,  
Кеудеңе Ордендерін тағып берді.

Жауды жеңіп Елге қайта оралдың,  
Қалам ұстап, ғылымыңды қолға алдың.  
Грязиннің ашып ғылым мектебін,  
Шәкірттерге даңғыл, дара жол салдың.

Шәкірттерің сеніміңді ақтады,  
Өсиетіңді мәңгі есте сақтады.  
Академик болып жатса кейбірі,  
Қалғандары докторлығын жақтады.

Галина Ильинична жан серігің,  
Сол үшін арналғандай бар өмірің.  
Соңыңда 21 жыл жалғыз қалып,  
Көрсетті адалдықтың Хақ сенімін.

*«Ветеринария» журналы ұжымының атынан  
Сізге деген үлкен құрмет, ізгі ниетпен,  
шәкіртіңіз Батыр Айтжанов.*



В. И. Грязин. 1982 г.



В. И. Грязин. 1942 г.